

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ, БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ
МКҚК «АЛАҚАЙ» БАЛАБАҚШАСЫ**

**«2024-2025 оқу жылына арналған музыка
жетекшісінің балаларды тәрбиелеу және
ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарының
жылдық есебі»**



**Музыка жетекшісі
Нусипова Гульнұр Саркитовна**



Нусипова Гульнура Саркитовна музыка жетекшісі. Педагог-модератор

Педагогикалық еңбек өтілім- 12 жыл

2024-2025 оқу жылында 1-мектепалды даярлық, 1-ересек, 2-орта, 2-аралас топтар аралығында жұмыс жасадым.

Биылғы оқу жылындағы білім жетілдіру мақсатында жеткен жетістіктерім:

Құрмет грамотасы - Республикалық «SAMURYQ» ONER-BILIM орталығының ұйымдастыруымен өткен «ALTYN KUZ 2024» атты балалар шығармашылық байқауы. №000041383

Осы байқау бойынша тәрбиеленушілер жетістігі – 12қызға II-дәрежелі дипломдар.

Алғыс хат - IV Республикалық «Тәуелсіздік - тұғырым» білім мен өнер байқауы №0289883

Осы байқау бойынша тәрбиеленушілер жетістігі – 12 бүлдіршінге I-дәрежелі дипломдар.

Мадақтама- Аудандық «Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала» байқауында «Тапқырлық пен ізденіс» номинациясы бойынша

Мен музыкалық білім беруде келесі міндеттерді қойдым:

- музыкаға деген сүйіспеншілік пен қызығушылықты дамыту;
- балалардың музыкалық тәжірибесін байыту;
- қарапайым музыкалық ұғымдармен таныстыру;
- сенсорлық қабілеттерді, ырғақ, есту қабілеттерін дамыту;
- қарапайым ән айту мен моториканы үйрету;

ҮІӨ- нде балалар келесі бөлімдермен айналысты:

А) Музыка тыңдау.

В) Ән айту және ән жазу.

С) Музыкалық-ритмикалық қозғалыстар.

Д) Би.

Д) Ойындар мен билер.

Е) Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.



№1 «Гүлдер», «Айгөлек» ортаңғы топтар: Олар музыка залын жақсы біледі және кеңістікті жақсы бағдарлай алады. Берілген бағытта затпен (жапырақтар, қар бүршіктері, сылдырмақ) музыкаға еркін қозғалады, музыканың ауысуы арқылы би кимылдарын өзгертеді. Балалар хоровод биді жүргізеді, хоровод бидің сөзін айтуды ұмытпай, тез табады. Жұптық және биде серігімен еркін қозғалады. Әуенге дер кезінде ілесіп, сөздер мен әуенді есте жақсы сақтайды. Бұл жаста олар музыкаға арналған кимылды ойындарды жақсы көреді. Жыл соңында ойынға арналған музыкалық белгіні күтіп, музыка бойынша кимыл әрекетті өз еріктерімен жасай алады. Жыл бойына «Қош келдің мерекелі, берекелі Алтын күз!», «Республика күні», «Жаңа - Жыл», «Аяулы анашым», «Бірлігі жарасқан елміз», атты ертеңгіліктер өткізілді.

№2 «Балауса» ересек топ - музыка ұйымдастырылған іс әрекетіне деген қызығушылықтары тұрақталған. Бұл кезеңде балалар музыка ұйымдастырылған іс әрекетіне қуанып, би кимылдарын орындауға, жеке билердегі ретін жаттап алуға тырысады. Олар хормен, жеке, күйсандықтың сүйемелдеуімен де, минуспен де еркін ән айтады. Музыкалық ойындарда олар берілген рөлдерді мәнерлі ойнайды, командада оңай қозғалады. Музыкалық шуылдақ аспаптармен, қасықтарда музыкаға ілесіп, ритмді сезіне жақсы ойнайды. Балалар жеке би билегенді ұнатады. жұптық билерді орындауға ынтасын белсенді түрде көрсетеді. Жыл бойына «Алтын күз!», «Республика күні», «Жаңа - Жыл», «8 – наурыз халықаралық әйелдер күні» «Әз - Наурыз», «Өнерлі бүлдіршін – ел болашағы» атты аудандық көркемөнерпаздар байқауы, «Достық күні», атты ертеңгіліктер өткізілді.

№3 «Еркемай», «Сказка» аралас топтары - Балалар музыкалық іс-әрекеттің барлық түрлеріне қызығушылықпен және жеке әндерді айту, дәл интонация, сөз тіркестерінің басын мәнерлі және дұрыс енгізу арқылы үлкен ықыласпен қатысады. Ұзақ өлеңдерді жаттап, бірін-бірі тыңдап, хормен айтады. Балалар жеке би билегенді ұнатады. жұптық билерді орындауға ынтасын белсенді түрде көрсетеді. Жыл бойына «Алтын күз!», «Республика күні», «Жаңа - Жыл», «8 – наурыз халықаралық әйелдер күні» «Әз - Наурыз», «Өнерлі бүлдіршін – ел болашағы» атты аудандық көркемөнерпаздар байқауы, «Достық күні», атты ертеңгіліктер өткізілді.

№4 «Құлыншақ» мектепалды даярлық тобы - Балалар казак композиторларының да, орыс классиктерінің де аспаптық музыкасын қызығушылықпен тыңдайды, шығарманың сипатын анықтайды. Сценарийлердің сюжетін үлкен қызығушылықпен ойнайды, диалогтарды есте жақсы сақтайды. Барлық рөлдерді, билерді, әндерді, сахналауды ықыласпен орындай отырып, барлық ертеңгіліктерге белсене қатысады. Биыл музыкалық – шуылдақ аспаптар оркестріне ерекше көңіл бөлінді. Балабақшадағы музыка ұйымдастырылған іс әрекеттері балалардың сүйікті істерінің бірі.

Жыл бойына, «Алтын күз!», «Республика күні» «Қош келдің-Жаңа жыл» «Аяулы анашым», «Әз - Наурыз», «Өнерлі бүлдіршін – ел болашағы» атты аудандық көркемөнерпаздар байқауы, «1 – мамыр бірлік күні», «1-маусым балаларды қорғау күні», Қоштасу кеші атты іс-шаралары өткізілді.



Қорытынды

Егер, мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық аспаптар туралы білімдерін кеңейтсек, қызығушылығын арттырсақ, **онда** балалар үрмелі, ішекті, пернетақталы музыкалық аспаптарды білетін болады, музыкалық тәжірибесі байиды, музыкалық талғамы жақсарады, музыкалық жады мен жалпы музыкалық қабілеті қалыптасады, баланың эмоционалдық саласы дамыйды. **Сондықтан** балалардың ақыл-ой дамуының, қабылдаудың, ойлаудың және мағыналық есте сақтаудың жеткілікті жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Бұл кезде білім мен дағдылардың белгілі бір көлемі қалыптасады, есте сақтаудың, ойлаудың, қиялдың ерікті түрі қарқынды дамиды, соның негізінде баланы тыңдауға, ойлауға, есте сақтауға және талдауға ынталандыруға болады.



Назарларыңызға рахмет!

